

«БЕКІТЕМІН»

№74 ЖББОМ КММ директоры

Г.К.Бактарбаева.....

« » 12. 2024 жыл

«Келісемін»

Директордың тәрбие ісі

Жөніндегі орынбасары:

_____ С.М.Нұрмағанбетова



**№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасының
2024-2025 оқу жылының 1- жартыжылдық жұмысы бойынша
есебі**

Кітапханашы: Ж.Д.Шонаева

2024-2025 оқу жылы

№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасында 2024-2025 оқу жылында жасалған 6 айлық жұмысы жөнінде

Анықтама

Танытқан қазағымның қазақтығын, Танытқан қазағымның азаттығын, Танытқан қазағымның ғажаптығын, Айналдым күдіретіннен Қазақ тілім. Сенімен Махамбетті, Абайды ұқтым, Сенімен Жамбыл жыры – арайды ұқтым, Сенімен мейірімді ананы ұқтым, Сенімен мейірімді даламды ұқтым. 5 қыркүйек Қазақстан халқы тілдері күніне орай кітап көрмесі ұйымдастырылып кітаптарға шолу жасалды. .



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында ұйымдастырылған "Алтын күзде алтын кітаптар» кең көлемді жаңа кітаптар көрмесі жөнінде

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жаңа әдебиеттерді оқырмандарға таныстыру, насихаттау, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеу мақсатында, "Алтын күзде алтын кітаптар» " атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеде тарихи және көркем әдеби кітаптар, балаларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке, баулитын өлеңдер, әңгімелер мен танымдық әдебиеттер қойылды.



Мектеп кітапханасында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Отбасымен кітап оқыған бір сәт» атты сурет коллаж ұйымдастырылды

«Жаксы кітап оқу—ақылды адаммен сырласқанмен бірдей» дегендей, кітап рухани құндылығымыз, теңдесі жоқ байлығымыз.

Отбасылық кітап оқу- отбасындағы адамдардың бір-біріне мейірі, құрметі арта түседі, бірлескен шығармашылық арқылы бір-біріне пікірлерін, өз ойларын еркін жеткізе отырып, білімдерін шыңдай түсері анық.

Кітап оқу арқылы балаларымыз елжандылыққа, өз өлкесінің дәстүріне және тарихына құрметпен карауға тартыла бастайды.

«Кітап-білім бұлағы, білім-өмір шырағы» деген сөз бекер айтылмаса керек, кітап арқылы тарихымызды, мәдениетімізді, әдебиетімізді, салт-дәстүрімізді тереңірек біле түсеміз.

Жан-жақты білімді, рухани бай боламыз десек—кітап оқиық! Балалар әдебиетін отбасымен бірге оқуды ұйымдастыру оқу, оқуға басшылық жасау, оқу мәдениетін қалыптастыру.

2.Білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру .


3.Кітапқа деген қызығушылығын арттыру,оны күтіп ұстауға уйрету. Кітапхана өмірімен таныстыру.

Балалар өздері ата-аналарымен, әжелелерімен бірге отырып кітап оқығанын сурет арқылы көрсету. Отбасымен бірге кітапқа деген қызығушылықтары жайында баяндап, жас оқырмандарды кітап оқуға шақырды.



«Балалар кітапханасы» жобасы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында кітап оқуға баулу, парасаттылық және адами қасиеттер туралы ақпарат беру мақсатында кітап оқу ұйымдастырылды.

Іс - шараға 6,7 сынып оқушылары қатысты. Адам бойындағы кісілік қасиет парасаттылық туралы мағлұмат берілді. Балалар оқыған кітабындағы кейіпкерлердің бойынан көрген парасаттылық белгілерін айтып шықты. Парасаттылық туралы балалар өз ойларымен бөлісіті. Оқушыларға қазақ халық мақал-мәтелдері кітаптары таратылды. Кітаптан «парасаттылық» сөзі және адами қасиеттерін ашып көрсететін мақал-мәтелдерді тауып оқып берді. Кітап оқу арқылы адам өзіне жақсы қасиеттерді алатынын айтып, кітаптарды тандап алып оқып шықты.



Кітапты күтіп ұстау

Оқулық қолдан қолға тиіп, көп ұсталуына қарай кірленіп, тоза бастайды. Кітапты мұндай күйге түсірмес үшін оған аса ұқыптылықпен қарап, дұрыс пайдалану керек. Оқыған сайын кітаптың сыртқы мұқабасын қаптап, парактағанда саусақты суламай, ептеп ашса, оқып келген жерін қайырмай, арасына қалың нәрсе қоймай, оның орнына кішкентай қағаз салып қойса, кітап көпке дейін сақталады.

Қымбатты оқушылар! Кітап сендерді мәңгі сенімді достарың, серіктерің болсын. Кітап қадірін білетін жақсы балалар көбейе берсін. Кітапты жыртпай, кірлетпей, бүлдірмей таза ұстау – бәріміздің міндетіміз. Бізде кітаптары қапталған, өте таза, ұқыпты ұстайтын оқушылар да арамызда бар. Олар жауапкершілікті түсінген оқушылар.





«Балалар кітапханасы» жобасы аясында ұйымдастырылған «Сабақтан соң бір сәт» Оқушыларды кітап оқуға баулу

Мектеп кітапханасында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында Оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатында «Сабақтан соң бір сәт» ұйымдастырылды. Кітап оқу үрдісі жалғасын тауып келеді. Кітапханаға келген әрбір оқушының кітап таңдауына көмектесіп, кітап оқудың пайдасы туралы айтылады. Кітап оқу – адамзат ойлап тапқан ең ғажайып құбылыстардың бірі. Рухани жан дүниеге демеу беріп, адамның адами қасиетін арттыратын да осы кітап. Тәрбиенің бастауы ертегі, жыр-дастандары да бүгінгі ұрпаққа кітап болып жетті.




«Кітапсыз өтілген бір күн, орны толмай бос кеткен күн». Сондықтан да кітап атаулымен дос бола бастау сәби шақтан басталу керек. Осы мақсатпен мектеп кітапханасының жоспарына сәйкес мектеп кітапханасында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында Кітапханаға алғашқы қадам: «Кітаптар қаласына саяхат» бастауыш оқушыларымен өткізілді. Балалар өлең шумақтары мен

жұмбақтар шешіп белсенділік танытты. Оқушылар кітапханаға жаңадан келіп түскен ертегі кітаптарымен танысып ертегі тыңдады.



Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Бердібек Сокпақбаевтың "Балалық шаққа саяхат", "Менің атым– Қожа" шығармалары 7 класс оқушыларына насихатталып оқуға ұсынылды. Бердібек Сокпақбаев – қазақ прозасына ерекше леп әкелген қаламгер. Жазушы қаламынан шыққан кез келген туынды оқырманды баурап алады. Қазақ балалар әдебиетінің классигі атанған жазушы. Кітап атаулы досы бола бастаған шақтан былай ғана, әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады» деген Мұхтар Әуезовтың сөзімен келіспейтін жан бола қоймас.

Шынымен де, кітап арқылы адамзат ақыл-ойының, інжу-маржанын бойына жинайды да, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Кітап-барлық білімдердің басын бір жерге тоғыстырып, кез-келген сәтте көмекке келетін ерен күш, әрі білімді жетілдіріп, жан-жақты ізденіп, тіл байлығын дамытып, саналы да, білімді адам шығаруда тап-тырмайтын баға жетпес дүние.




Оқулық қолдан қолға тиіп, көп ұсталуына қарай кірленіп, тоза бастайды. Кітапты мұндай күйге түсірмес үшін оған аса ұқыптылықпен қарап, дұрыс пайдалану керек. Оқыған сайын кітаптың сыртқы мұқабасын қаптап, парактағанда саусақты суламай, ештеп ашса, оқып келген жерін қайырмай, арасына қалың нәрсе қоймай, оның орнына кішкентай қағаз салып қойса, кітап көпке дейін сақталады.

Қымбатты оқушылар! Кітап сендерді мәңгі сенімді достарың, серіктерің болсын. Кітап қадірін білетін жақсы балалар көбейе берсін. Кітапты жыртпай, кірлетпей, бүлдірмей таза ұстау – бәріміздің міндетіміз. Бізде кітаптары қапталған, өте таза, ұқыпты ұстайтын оқушылар да арамызда бар. Олар жауапкершілікті түсінген оқушылар.



Кітаптың білім мен даналық көзі екенін түсіну, кітап оқуға деген сүйіспеншілігін ояту, кітапты құрметтеуге баулу мақсатында № 74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Демалыста кітап оқимыз» атты кітап оқу ұйымдастырылды.



«Оқуға құштар мектеп», «Балалар әдебиеті» жобасы аясында №74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен үзілісті тиімді пайдалану мақсатында оқушыларға қазақтың зергерлік бұйымдары жөнінде танымдық әңгіме өтті.



Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кел,бірге оқимыз» айдарымен оқушылармен үзіліс кезінде кітап оқу ұйымдастырылды. . Кітапханадағы кітаптар оқуға деген ынтаны арттырады, ізгілікке үйретеді. Қымбат бағалы кітаптардың көпшілігі кітапханадан табылады. Кітапхана баланың мәдениетпен танысуының алғашқы кезеңі. Біріншіден, оқушы сөрелердің арасында жүріп «Міне, кітаптар, оларды көруге және оқуға болады» деп ойланады. Содан кейін кітапханаға бару әдетке айналады.



«Оқуға құштар мектеп», «Балалар әдебиеті» жобасы аясында №74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен үзілісті тиімді пайдалану мақсатында бастауыш сынып оқушыларына қазақ ертегілерін оқу ұсынылды.Ертегінің көркем де жеңіл тілі баланың қиялына қанат бітіріп, арманын асқақтатып, еңбексүйгіштікке, адалдыққа, батылдыққа тәрбиелейді.Балалардың білуге құмарлығы зор. Олар құбылтып айтқан ертегі, әңгімені сүйіп тыңдайды.



Ақшаның пайда болу тарихынан, ұлттық валютаның айналымға кіруі туралы мағлұмат беру мақсатында мектеп кітапханасында «Тенгенің тарихын жақсы білесің бе?» атты электронды тест жоғарғы сынып оқушыларымен ұйымдастырылды. Ұлттық валютаның тарихы мен оған қатысты басқа да мәліметті қаншалықты білетінін оқушы өзі тексеріп көрді. Тест тенгенің кешегісі мен бүгінгі ахуалын да қамтиды.



«Біртұтас тәрбие» жаңартылған бағдарламасы бойынша «Балалар әдебиеті» жобасы аясында №74 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен үзілісті тиімді пайдалау мақсатында радиоруб хабарламасы бойынша Ақтөбе қаласының 150 жылдығына орай ақтөбе жайында қызықты деректер мен аңыздар оқылды.

Кітап мәртебесін көтеру мен оқушыларға кітап оқуды насихаттау мақсатында бұл ұйымдастырылған акция барысында кітапханаға көптеген көркем әдебиеттерді оқушылар сыйға тартты. «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ақпан айына дейін жалғасады.



« Біртұтас тәрбие» жаңартылған бағдарламасы бойынша келешек жас ұрпақтарды еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту, өнерді сүйге құрметтеуге жас ұрпақтың бойына музыка әлемінде жергілікті сазгер күйшілер туралы мағұлмат бере отырып, олардың Отанға деген, туған еліне, жеріне деген сезімдерін ояту, дамыту және өнер арқылы адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен “Мәдениет саласының үздігі” Жайлау Асылхановпен «Күй аңыз» атты жасөспірімдер арасында кездесу кеш өткізді.




« Біртұтас тәрбие» жаңартылған бағдарламасы бойынша «Балалар кітапханасы» жобасы аясында жас ұрпақты Отанын сүйге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту мақсатында мектеп кітапханасы 2-4 класс оқушылары арасында «Менің тәуелсіз-ҚАЗАҚСТАНЫМ» атты мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастырды.



Біртұтас тәрбие» жаңартылған бағдарламасы бойынша Қазақ халқы – әлемдегі ең ғажап халық. Қазақты әлем халқына ғажап халық екенін танытып тұрған ол – біздің ұлттық құндылықтарымыз, салт-дәстүр, әдет-ғұрып пен мәдени мұраларымыз, тіліміз және ұлттық қолөнер мен ұлттық киімдер. «Ата салтын – халықтық қалпың» дегендей, өз ұлтымыздың қадір-қасиетін, ой-өрісін танытатын салт-дәстүрімізге, қазақтың мәртебесін көтеретін мұраларымызға құрметпен карап, оларды кастерлеу максатында үзіліс кезін тиімді пайдалану айдарымен оқушыларды ұлттық қолөнермен оқушыларды таныстыру.



«Мен оқимын, сен де оқы» оның максаты оқушылар арасында оқуды дәріптеу және оқырмандардың белсенділігін арттыру болып табылады. Оқушылар әрбір шығармадан жаңа білімді ғана емес, сонымен қатар әлемді терең түсінуге және өзін-өзі жетілдіруге итермелейтін шабыт табады. Оқу-бұл өзінді және айналадағы адамдарды жақсы түсінуге мүмкіндік. Кітап беттеріндегі көптеген қызықты оқиғалар мен әдебиет әлеміне батқан сәттер сені алға жетелейді. Оқу - қуат пен даналықтың шексіз көзі. Сенің кітаптарың әрқашан қолыңда болсын, ол өсу мен даму мүмкіндіктерін береді.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы жобасы аясында «Қысқы демалыс кітаппен» атты көрме ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты: кітап оқуды насихаттау, оқуға деген қызығушылықты арттыру, өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуына ықпал ету.

